

Қорыта айтқанда, әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамның ең өзекті мәселелерін шешудің инновациялық тәсілі. Бұл сала әлемдік тәжірибеде дәлелденгендей, ұзақ мерзімді перспективада тұрақты даму мен қоғамның әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді. Әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау тек кәсіпкерлердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

### Әдебиеттер тізімі

1. Yunus, M. (2007). *Creating a World Without Poverty: Social Business and the Future of Capitalism*. PublicAffairs.
2. Dees, J. G. (2001). *The Meaning of Social Entrepreneurship*. Duke University.
3. Drayton, W. (2006). *Everyone a Changemaker: Social Entrepreneurship's Ultimate Goal*. *Innovations: Technology, Governance, Globalization*, 1(1), 80-96.
4. Social Enterprise UK. (2020). *Social Enterprise Explained: What It Is and Why It Matters*.
5. Hassan, S., & Kraus, P. (2020). *Sustainability in Social Enterprises: Strategies and Challenges*. *Sustainability*, 12(5), 1807.
6. Grameen Bank. (2021). *Annual Report*.
7. Samhall. (2022). *Inclusion Through Work: A Swedish Model*.
8. Ashoka Foundation. (2023). *Empowering Social Entrepreneurs Worldwide*.
9. OECD. (2021). *Social Entrepreneurship and Innovation: Trends and Policy Implications*.

### Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру мәні және кейбір мәселелері

А.А.Тұлебаев

«Менеджмент» мамандығы бойынша 1 курс магистранты

a.tulebayev123@gmail.com

#### I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

Түйіндеме: Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру — экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және халықтың қаржылық қауіпсіздігін арттыру үшін маңызды қадам болып табылады. Бұл қызметтің тиімділігі мемлекеттік экономика мен әлеуметтік қорғауды нығайтуға, сондай-ақ халықтың сақтандыруға деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Алайда, сақтандыру нарығындағы бірқатар мәселелер, атап айтқанда, заңнамалық базаның жетілдірілмеуі, сақтандыру мәдениетінің төмендігі, ақпараттық ашықтықтың болмауы және сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығы мәселелері сақтандыру секторын дамытуға кедергі келтіреді. Осы проблемаларды шешу мақсатында сақтандыру қызметін басқаруды және қадағалауды жетілдіру, жаңа технологияларды енгізу, сақтандыру компанияларының қызметін тиімді бақылауды күшейту маңызды болып табылады. Жаңа тәсілдер мен халықаралық тәжірибелерді ескере отырып, сақтандыру қызметін ұйымдастыру жүйесін жетілдіру экономиканың тұрақты дамуына және халықтың өмір сүру сапасын арттыруға үлкен әсерін тигізеді.

Кілт сөздер: сақтандыру қызметі, нарықтық экономика, бизнес, цифрландыру, қаржылық сауаттылық.

Сақтандыру қызметі қоғамдағы өндірістік қатынастардың көне формаларының бірі ретінде қолайсыз, болжамбайтын жағдайлардың ықтималды сипатының болуынан көрінеді.

Қазіргі жаһандану жағдайында сақтандыру қызметінің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, оны заманауи ұйымдастырудың маңыздылығы артуда.

Осыған байланысты ҚР қолданыстағы сақтандыру бойынша заңнаманы жетілдіру осы саладағы қызметтерді ұйымдастырудың және сақтандыру қатынастарына қатысушылар

арасындағы қарым-қатынастардың көптеген мәселелерін шешуге негіз болады [1].

Жалпы сақтандыру қызметін ұйымдастырудың негізгі міндеттері: сақтандыру ұйымдарының өз міндеттемелерін орындауына сенімді болуға және сақтанушылардың заңды мүдделерін қорғау, сақтандыруды қадағалау ұйымдарының тиімділігін арттыру, сондай-ақ сақтандыру нарығында бәсекелестік ортаны қолдау және сақтандыру ісін ұйымдастырудың халықаралық практикасына сәйкес, оның инфрақұрылымын дамыту.

Аталғандар өз кезегінде сақтанушылар үшін ұсынылатын сақтандыру қызметтерінің саны мен сапасын жақсартуға, аясын кеңейтуге және құнын төмендетуге орта құрады.

Ресми мәліметтерден 2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру секторында 25 сақтандыру ұйымы бар, оның 9-ы өмірді сақтандыру бойынша құрылған. 2023 жыл қорытындысы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының активтері 20,7%-ға 2,5 трлн теңгеге дейін ұлғайған (2023 жылғы желтоқсанда 2,2%-ға өсті). Активтердің ұлғаюы негізінен сақтандыру қызметі бойынша кірістердің өсуі есебінен орын алып отыр [2].

Аталған жылы мүлікті, өмірді және денсаулықты сақтандырумен қамтудың артқанын байқалып, 2023 жыл ішінде 365 мыңнан астам мүліктік сақтандыру шарттары жасалған, бұл 2022 жылмен салыстырғанда 11,6% - ға артық және жазатайым оқиғалар Scientific horizons - 2024 ★ Volume 2 мен ауру жағдайы бойынша 7 млн-нан астам өмірді сақтандыру шарттарының өсімі 76% құраған. Сақтандырудың осы түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақылары мен төлемдері де артқан. Мүліктік сақтандыру бойынша 205 млрд теңге сыйлықақы жиналып, бір жылдық өсімі- 25,3%, өмірді, жазатайым оқиғалардан және ауырған жағдайда сақтандыру бойынша - 312,4 млрд теңге, жылдық өсім - 27% құрады. Мүліктік сақтандыру бойынша бір жылдағы төлемдер -71,4%, яғни 68,6 млрд теңгеге, өмірді сақтандыру және жазатайым оқиғалар бойынша -74,4% артып, 65,6 млрд теңгеге дейін ұлғайған.

ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметтері бойынша, сақтандыру нарығының көрсеткіштері өсуде, бірақ қуанта алмайды. Бұл сақтандыру қызметінің әлеуеті әлі толық ашылмағанын білдіреді. Осыған байланысты сақтандыру қызметін дамытудағы негізгі міндеті еліміздің азаматтарының өміріндегі сақтандырудың рөлін арттыру, оларды әртүрлі материалдық проблемалардан қорғауды қамтамасыз етуді жетілдіру.

Осы жағдайда Агенттік өз қызметінде халыққа мүліктік сақтандыру бойынша да, өмірді сақтандыру бойынша да клиентке бағдарланған сақтандыру өнімдерін ұсынудың құқықтық негізін дамытуда. Бүгінгі таңда халықтың және бизнестің мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, өмірді жинақтаушы сақтандыру арқылы әлеуметтік кепілдіктер беруге мүмкіндік беретін өнімдер жасалуда. Сонымен қатар, халық пен бизнестің өміріне сақтандыру қызметтерін белсенді тарту сақтандыру ұйымдарының жұмысының сапасына және тұтынушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру үшін белсенді жұмыс істеу нәтижесіне де байланысты.

Мысалы, міндетті автосақтандыру-сақтандырудың ең жаппай және әлеуметтік кластарының бірі болып табылады. Тариф құрудағы реттеушінің міндеті-сақтандыру қызметтерін тұтынушыларды қорғаудың тиісті деңгейін және сақтандыру компанияларының бизнеске деген қызығушылығын сақтауды ескере отырып, олардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудегі мүдделер теңгерімін сақтау.

Ағымдағы жыл басында автокөлік иесінің жауапкершілігін міндетті сақтандыруда айтарлықтай өзгерістер орын алуда. Ол сақтандыру тарифтерін белгілі бір аймақтың шығынына байланысты түзету коэффициенттерін енгізуге байланысты бола бастады. Сақтандыру нарығындағы мұндай сақтандыру шарттарының өзгеруіне міндетті автосақтандыру құнын анықтаудың жаңа тәсілін, яғни әлемдік тәжірибені қабылдау ықпал етті.

Автокөлік саласындағы тарифтерді анықтауды шығындармен байланыстыру идеясы сақтандырудың әділ құнын қамтамасыз етуге ықпалы бар. Бұл міндетті автосақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларын уақтылы, яғни жыл сайын өзектендіруге мүмкіндік береді. Аймақтағы апат неғұрлым аз болса, сақтандыру компаниясы соғұрлым аз төлемдер

төлейді және сәйкесінше тұтынушылар үшін сақтандыру тарифі соғұрлым аз болуы керек және керісінше.

Автокөлік иесінің жауапкершілігін, міндетті сақтандыруды реттеу негіздерін электрондық сақтандыруға көшіру және төлемдерді жүзеге асыруды, жеңілдетілген реттеулер, Еуропалық талапқа сай, әр өңірдің көлік құралдарының апаттылығын ескере отырып түзету коэффициенті анықталған [3]. Ол міндетті автосақтандыру бойынша тарифтердің жаңа есебін жүргізу үшін енгізілген. Осы бағыттағы жұмыстың бастысы болып, сақтандыру өтемін ұлғайту, автомобильдер мен таксилерді сақтандыру мәселелерін реттеу, жоспарлау мәселесі қарастырылуда. Осындай шаралардың жүзеге асуы, сақтандыру саласында қызмет көрсету сапасын арттыруға және клиенттердің мүдделерін қорғауға және нәтижесінде міндетті автосақтандыруды барлық азаматтар үшін одан да сенімді және қолжетімді етуді қамтамасыз етуге өріс бермек.

Одан басқа соңғы жылдары орын алған әлемдік оқиғалар, еліміздің кейбір аумағында өрт, су тасқыны мен топан судың жайылуы және Алматы қаласында сейсмикалық белсенділіктің артуын ескере отырып, Қазақстанда апатты тәуекелдерден сақтандыруды енгізу мәселесі ерекше өзекті болып отырғанын көрсетеді. БҰҰ мәліметтері бойынша, ҚР 75% табиғи және техногендік апаттар қаупі жоғары. Осы жағдайда еліміздегі тұрғын үй құрылыстарының тек 1,5%-ы ғана сақтандырумен қамтылған. Бұл Қазақстандағы сақтандыру секторының апатты тәуекелдерден жеке сақтандыру жүйесі үшін жеткіліксіз сыйымдылығын білдіре отырып, бәсекеге қабілетсіз және тым қымбат сақтандыру өнімдерін ұсынуы жалғасып отырғаны, осы саланың өзекті мәселесі болып қалып отыр.

Сонымен бірге өкінішке орай, сақтандыру мәдениеті сақтандырудың міндетті түрлері мен кең таралған автосақтандыруды есептемегенде, жалпы алғанда төмен деңгейде. Сақтандыру мәдениеті халықтың қаржылық сауаттылығына және сақтандыру ұйымдарының тәуекелдерді қабылдауға, өз міндеттемелерін қысқа мерзімде орындауға дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеде сақтандыру ұйымдарының рөлі өте маңызды, өйткені халықтың сенімі және олардың сақтандыру арқылы өз тәуекелдерін азайтуға дайындығы, сақтандырушылар ұсынатын қызметтердің сапасына және олардың клиентке бағдарлануына тікелей байланысты.

Қазіргі уақытта қазақстандық сақтандыру нарығының ерекшеліктерін ескере отырып, апатты тәуекелдерді сақтандырудың ең үздік тәжірибесін, оның ішінде Түркияда, Испанияда әзірлеген сақтандыру модельдері бойынша халықаралық тәжірибені зерттеп, оны елімізде қолданудың мүмкіндіктерін қарастыру керек деген ойдамыз. Ол үшін мемлекеттік Scientific horizons - ұйымдармен бірге, сақтандыру нарығымен және халықаралық сарапшылармен апатты оқиғалар туындаған кезде халықты мүліктік қорғау тетіктерін айқындау: сақтандыру моделін айқындау, орта мерзімді кезеңге арналған Жол картасын әзірлеу және заңнамалық түзетулер бойынша бірлескен жұмыс құратын кез келгенін мойындау керек.

Осыған байланысты Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі сақтандыру нарығының әлеуетін кеңейту және сақтандыру қызметтерін цифрландыру бойынша бірқатар бастамаларды іске асыруға жеделдету қажеттілік. Өмірді сақтандырудың қаржылық әлауқатын жақсартуға мүмкіндік беретін білім беру өнімдерін әзірлеу үшін құқықтық алаң құру орынды болмақ. Бұл сақтандыру нарығын одан әрі дамыту үшін берік негіз құра отырып, сектордың негізгі көрсеткіштерінің оң серпінін қамтамасыз етуге орта құрады деген ойдамыз.

Қолжетімді сақтандыру өнімдерін жасау, цифрландыру арқылы сақтандырудың бизнес-үдерістерін оңтайландыру, сондай-ақ сақтандырушыларды клиенттердің қажеттіліктеріне бағдарлау және азаматтарға сапалы қызмет көрсетуге бейімделу көмегімен қол жеткізуге болады. Өз кезегінде, тұтынушыларды сақтандыру өнімдерін дұрыс таңдауға және сақтандыру жағдайы басталған кезде күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін өз тәуекелдерін түсініп, дұрыс бағалауда керек.

Алдағы уақытта сақтандырудың қолжетімділігін арттыру үшін сақтандыру қызметтерін цифрландыру және оның негізгі бағыттары ретінде insurtech, RegTech және SupTech-технологияларды дамыту. Бұл арқылы сақтандырудың барлық бизнес-процестерін оңтайландыруға және автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сақтандыру саласында

маркетплейстерін дамыту арқылы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры базасында сақтандыру өнімдерінің шарттарын іздеу және салыстыру бойынша цифрлық агрегатор құру және оның құқықтық негіздерін жетілдіру орынды болмақ.

Одан басқа сақтандыру ұйымдарының тұтынушылармен жұмыс істеудің мінез-құлық, этикалық, стандарттарын сақтауына негізделген тәуекелге бағдарланған қадағалау моделін енгізу. Ол үшін сақтандыру компанияларының тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында Solvency II еуропалық директивасының компоненттері кезең-кезеңімен енгізу. Ол еліміздің сақтандыру саласының жаһандық талаптарға бейімделуге өріс береді [4].

Елімізде сақтандыру жүйесін заман талабында жетілдіру табиғи апаттардың салдарын азайтуға және халық пен бизнестің қаржылық шығындарын өтеуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында бұл бағыт реттеуші үшін басым бағыттардың бірі ретінде белгіленді. Ол үшін еліміздегі сақтандыру компанияларының қызметін реттеудің ЕО- моделінде көрсетілген бағыттарын ескере отырып, дамуы керек, олар [5]:

- Біріншіден, Қазақстанның сақтандыру жүйесі тарихи тұрғыдан алғанда дамыған индустриалды елдермен салыстырғанда кейінірек қалыптасты. Әсіресе бұл алшақтық 1918-1988 жылдардағы мемлекеттік сақтандыру монополиясы кезеңінде ұлғая түсті. Ал бүгінгі күні, осы артта қалушылықты еліміздің ішінде болып жатқан отандық сақтандыру қызметі нарығындағы келеңсіз үдеріс арқылы жалғасып отыр.

- Екіншіден, қазіргі кезеңде сақтандыру қызметі қай елде болмасын оқшау өмір сүре алмайды, ол үшін қайта сақтандыру арнасы арқылы тәуекелді халықаралық қайта бөлуге қатысу керек. Қазақстан өзінің тарихи және географиялық ерекшеліктерінің арқасында кен өндіру саласындағы үлкен тәуекелдерге ие екені белгілі. Бұл баламалылық қайта сақтандыруды қажет етеді және сол үшін де Қазақстан күннен күнге тәуекелдерді қайта бөлудің дүниежүзілік үдерістеріне қатысуға мәжбүр.

- Үшіншіден, қазіргі таңдағы сақтандыру қызметіне дамыған филиалдары және еншілес компаниялары мен бірнеше әлем елдерінде өкілеттігі бар көптеген халықаралық сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары қатысады. Дәл осы ұйымдар бүгінгі сақтандыру қызметі нарығының таңдаулы көшбасшысы болып отыр.

- Төртіншіден, қазіргі кезеңде нарықтық экономиканың жаһандану үдерістерінің салдарынан мемлекеттік реттеу, ұлттық сақтандыру жүйесінің шегінен тыс шығып кетеді. Көп жағдайда реттеу қызметі мемлекетаралық деңгейге ауыстырылады. Сақтандыру қызметінің халықаралық рыногына кіру кезеңінде еліміз сақтандыру ісін және оны реттеудің халықаралық стандарттарын енгізуді жеделдету қажеттілігі сезініп отыр.

- Бесіншіден, Қазақстанға, ТМД елдеріндегі шоғырлану үдерісінде еуропалық тәжірибені ескеруі жөн болады, себебі ЕО бұл күнде шоғырланудың ең мықты түрі.

Осы ұсынылған бағыттар қазіргі кезеңдегі үрдістерден туындайды және де ол әр түрлі экономикалық жеке саяси факторлардың әсерінен өзгерістерге ұшырауы ықтимал, бірақ ол өзінің жалпы мазмұны мен мақсатын өзгертпейді.

Қорытындылай келе Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін ұйымдастыруды жетілдіру — экономиканың тұрақты дамуы мен халықтың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету үшін маңызды стратегиялық бағыт. Сақтандыру нарығының дамуына кедергі келтіретін мәселелерді шешу, атап айтқанда, заңнамалық базаны жетілдіру, сақтандыру компанияларының қаржылық тұрақтылығын арттыру және азаматтардың сақтандыру мәдениетін көтеру қажеттігі айқын. Сонымен қатар, жаңа технологияларды қолдану, халықаралық тәжірибелерді енгізу және сақтандыру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын арттыру саланың тиімділігін едәуір арттыра алады. Сақтандыру қызметін ұйымдастырудағы өзгерістер мен жетілдірулер ұлттық экономиканың барлық салаларына оң әсер етеді. Бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатын жақсартуға, әлеуметтік қауіпсіздікті арттыруға және экономикалық тәуекелдерді төмендетуге мүмкіндік береді. Осы бағытта мемлекет пен жеке сектор арасындағы ынтымақтастықтың нығаюы, сондай-ақ халықтың

сақтандыруға деген сенімін арттыру, Қазақстанның сақтандыру нарығын халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті етуге жол ашады.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы Заңы» 18.12.2000 ж. (2019 жылғы 25 қарашадағы өзгерістер мен толықтырулармен)/adilet.zan.kz/kaz/
2. Қазақстан сақтандыру секторының 2024 жылғы 1 қаңтардағы жай-күйі туралы/ <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/696399?lang=kk>
3. «Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі №474-ІІ Қар Заңы (2019 жылғы 3 шілдеде енгізілген өзгертулермен).
4. Изменения регулирования страховой деятельности ЕС в соответствии с требованиями Директивы SolvencyII(2012г.)- [Электронный ресурс]: [www.eurasialaw.ru](http://www.eurasialaw.ru)
5. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығы/ <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001021>

### **Совершенствование стратегических механизмов повышения престижа преподавателей высших учебных заведений Республики Узбекистан**

**М.Э.Хайдаров**

док.пед.наук., профессор, Ташкентского государственного педагогического университета имени Низами

Аннотация: В данной статье описаны реформы, проводимые с целью повышения статуса преподавателей и наставников в высших учебных заведениях Республики Узбекистан.

Ключевые слова: престиж педагога, образование, формация, квалификация, профессиональные навыки.

Повышение престижа профессии учителя является важной основой достижения всех благих надежд.

Президент Шавкат Мирзиёев

Республика Узбекистан одна из колыбелей мировой цивилизации. Традиция «устоз-шоғирд» («учитель-ученик») имеет на нашей земле свою древнюю историю. На этот счёт существует множество пословиц и поговорок. К примеру, в нашем народе говорят «устоз – отангдай улуг» («учитель свят как отец»). Но с приходом к власти нового руководства во главе с Президентом Узбекистана Ш.М.Мирзиёевым эта тема приобрела важнейший характер. Так, к примеру руководитель республики не только неоднократно подчеркивал, что крайне важно сейчас повышать престиж педагогов, но и сделал для этого конкретные шаги. Во-первых, заработная плата педагогических работников всей структуры непрерывного образования с 1 сентября 2018 года повысилась уже на сто пятьдесят процентов. В масштабах страны это весомая цифра. Далее, если воспитатели дошкольных образовательных учреждений, учителя общеобразовательных школ, академических лицеев, профессиональных колледжей, преподавателей вузов, работников институтов переподготовки и повышения квалификации педагогических кадров, Домов Милосердия, центров «Баркамол авлод», Детских и юношеских спортивных школ, а также всех других подразделений системы непрерывного образования ранее могли привлекаться к различного рода работам, типа перепись населения, выборы депутатов в районные, городские, республиканские органы, присутствие в виде фонового атрибута на различного рода собраниях и т.д., то теперь привлечение педагогов к таким мероприятиям строго-настроено запрещается и в случае нарушений, которые, к сожалению, имели место в первое время после принятия нормативного документа, наказываются.